

ISSN 2616-7255

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
**ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov Eurasian  
National University

**ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**  
**HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series**  
**Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ**

**2 (123)/2018**

1995 жылдан бастап шығады  
Founded in 1995  
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза в год

Астана, 2018  
Astana, 2018

**Бас редакторы**  
тар.ғ.д., проф., академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенти  
**Сыдықов Е.Б.** (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (философия)	<b>Есім Ғ.</b> , философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (тарих)	<b>Мусабалина Г.Т.</b> , тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (тарих)	<b>Сарсембина К.К.</b> , тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (дінтану)	<b>Тышхан К.</b> , философ.ғ.к., доцент (Қазақстан)

*Редакция алқасы*

Әбділдин Ж.М.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Алпысбес М.А.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Артықбаев Ж.О.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Әбділәшімұлы Д.	PhD, проф. (Қытай Халық Республикасы)
Әбдуқапан Қара	тар.ғ.д., проф. (Түркия)
Бөзжигитова М.М.	философ.ғ.к. (Қазақстан)
Бороффка Николаус	PhD (Германия)
Буканова Р.Г.	тар.ғ.д., проф. (Ресей)
Бурбаев Т.К.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Васильев Д.В.	тар.ғ.д., доцент (Ресей)
Джампенсова Ж.М.	тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Дүкенбаева З.О.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ерменбаева Г.К.	тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Жақиянов Т.Ж.	с.ғ.к. (Қазақстан)
Жеребцов И.Л.	тар.ғ.д. (Ресей)
Ибадуллаева З.О.	тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иманжүсіп Р.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Исмагамбетова З.Н.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Каженова Г.Т.	тар.ғ.к. (Қазақстан)
Камарова Р.И.	философ.ғ.к. (Қазақстан)
Ковальская С.И.	тар.ғ.д. (Қазақстан)
Кумеков Б.Е.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Құрманалиева А.Д.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Любичанковский С.В.	тар.ғ.д., проф. (Ресей)
Медеуова К.А.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Муминов А.К.	тар.ғ.д., проф. (Түркия)
Мусағалиева А.С.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Мустафина Р.М.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрышева Г.Ж.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Педрацки М.	PhD д-ры, доцент (Польша)
Пианчолла Николо	PhD д-ры (Гонконг)
Рахимбекова А.Ж.	тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Рысқалиев Т.Х.	философ.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Садықов Т.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Самашев З.С.	тар.ғ.д. (Қазақстан)
Сапарғалиева С.Ж.	философ.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Сарқулова М.С.	философ.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Сейтқазина К.О.	тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Таиров А.Д.	тар.ғ.д. (Ресей)
Таймағамбетов Ж.Қ.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ташағыл А.	проф. (Түркия)
Умитқалиев У.У.	тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Хабдулина М.К.	тар.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Чарлз Уиллер	философ.ғ.д., проф. (АҚШ)
Шаповал Ю.В.	философ.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Шаяхметов Н.У.	тар.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шемшек Ахмед	философ.ғ.д., проф. (Түркия)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-432)

E-mail: vest\_hist@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: Д.С. Байтлесова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. **ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.  
27.03.18 ж. № 16994-Ж -тіркеу куәлігі  
Мерзімділігі: жылына 4 рет.  
Тиражы: 25 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі

*Editor-in-Chief*

Doctor of Historical Sc., Professor, Academician, Vice-President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan  
**Sydykov Ye.B.** (Kazakhstan)

*Deputy Editor-in-Chief*  
*Deputy Editor-in-Chief*  
*Deputy Editor-in-Chief*  
*Deputy Editor-in-Chief*

**Yessim G.**, Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)  
**Mussabalina G.T.**, Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)  
**Sarsembina K.K.**, Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)  
**Tyshkhan K.**, Can. of Philosophy (Kazakhstan)

*Editorial board*

<b>Abdildin Zh.M.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Alpysbes M.A.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Artykbayev Zh.O.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Abdilashimuly D.</b>	PhD, Prof. (China)
<b>Abduakap Kara</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey)
<b>Bozhigitova M.M.</b>	Doctor of Philosophy (Kazakhstan)
<b>Boroffka Nikolaus</b>	PhD (Germany)
<b>Bukanova R.G.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Russia)
<b>Burbayev T.K.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Charles Wheeler</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (USA)
<b>Dzhampeisova Zh.M.</b>	Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Dukenbayeva Z.O.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Ermenbayeva G.K.</b>	Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Ibadullayeva Z.O.</b>	Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Imanzhusip R.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Ismagambetova Z.N.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Kazhenova G.T.</b>	Can. of Historical Sc. (Kazakhstan)
<b>Kamarova R.I.</b>	Can. of Philosophy (Kazakhstan)
<b>Khabdulina M.K.</b>	Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Kovalskaya S.I.</b>	Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan)
<b>Kumekov B.E.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Kurmanaliyeva A.D.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Lyubichankovskiy S.V.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof.(Russia)
<b>Medeuov K.A.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Muminov A.K.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey)
<b>Musagaliyeva A.S.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Mustafina R.M.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Nurysheva G.Zh.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Pedracka M.</b>	PhD, Assoc.Prof.(Poland)
<b>Piancolla Nicolo</b>	PhD (Hong Kong)
<b>Rakhimbekova A.Zh.</b>	Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Ryskaliyev T.Kh.</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan)
<b>Sadykov T.</b>	Doctor of Historical Sc. , Prof. (Kazakhstan)
<b>Samashev Z.S.</b>	Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan)
<b>Sapargaliyeva S.Zh.</b>	Can. of Philosophy, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
<b>Sarkulova M.S.</b>	Can. of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Seytkazina K.O.</b>	Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Shapoval Yu.V.</b>	Doctor of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Shayakhmetov N.U.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Shemshek Akhmed</b>	Doctor of Philosophy, Prof. (Turkey)
<b>Taitrov A.D.</b>	Doctor of Historical Sc. (Russia)
<b>Taymagambetov Zh.K.</b>	Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan)
<b>Tashagyl A.</b>	Prof. (Turkey)
<b>Umitkaliyev U.U.</b>	Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Vasilyev D.V.</b>	Doctor of Historical Sc., Assoc.Prof. (Russia)
<b>Zhakiyanov T.Zh.</b>	Can. of Sociological Sc. (Kazakhstan)
<b>Zherebtsov I.L.</b>	Doctor of Historical Sc. (Russia)

*Editorial address:*2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)  
E-mail: vest\_hist@enu.kz

*Responsible secretary, computer layout:*  
*D.S. Baytlessova*

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 16994-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-432)

**Главный редактор**  
д.и.н., проф., академик, вице-президент Национальной академии наук Республики Казахстан  
**Сыдыков Е.Б.** (Казахстан)

Зам. главного редактора (философия)	Есім Гарифолла, д.философ.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (история)	Мусабалина Г.Т., д.и.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (история)	Сарсембина К.К., к.и.н., доцент (Казахстан)
Зам. главного редактора (религиоведение)	Тышхан К., к.философ.н., доцент (Казахстан)

*Редакционная коллегия*

Абдильдин Ж.М.	д.философ.н., проф. (Казахстан)
Абдилашимулы Д.	PhD, проф. (Китайская Народная Республика)
Абдукап Кара	д.и.н., проф. (Турция)
Алпысбес М.А.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Артыкбаев Ж.О.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Бозжигитова М.М	д.философ.н. (Казахстан)
Бороффка Николаус	PhD (Германия)
Буканова Р.Г.	д.и.н., проф. (Россия)
Бурбаев Т.К.	д.философ.н., проф. (Казахстан)
Васильев Д.В.	д.и.н., доцент (Россия)
Джамписова Ж.М.	к.и.н., доцент (Казахстан)
Дукенбаева З.О.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Ерменбаева Г.К.	к.и.н., доцент (Казахстан)
Жакиянов Т.Ж.	к.с.н. (Казахстан)
Жеребцов И.Л.	д.и.н. (Россия)
Ибадуллаева З.О.	к.и.н., доцент (Казахстан)
Иманжусип Р.	д.философ.н., проф. (Казахстан)
Исмагамбетова З.Н.	д.философ.н., проф. (Казахстан)
Каженова Г.Т.	к.и.н. (Казахстан)
Камарова Р.И.	к.философ.н. (Казахстан)
Ковальская С.И.	д.и.н. (Казахстан)
Кумеков Б.Е.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Курманалиева А.Д.	д.философ.н., проф. (Казахстан)
Любичанковский С.В.	д.и.н., проф. (Россия)
Медеуова К.А.	д.философ.н., проф. (Казахстан)
Муминов А.К.	д.и.н., проф. (Турция)
Мусагалиева А.С.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Мустафина Р.М.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Нурьшева Г.Ж.	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Педрачки М.	PhD, доцент (Польша)
Пианчолла Николо	PhD (Гонконг)
Рахимбекова А.Ж.	к.и.н., доцент (Казахстан)
Рыскалнев Т.Х.	д.философ.н., проф. (Казахстан)
Садыков Т.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Самашев З.С.	д.и.н. (Казахстан)
Сапаргалиева С.Ж.	к.философ.н., доцент (Казахстан)
Саркулова М.С.	к.философ.н., доцент (Казахстан)
Сейтказина К.О.	к.и.н., доцент (Казахстан)
Таиров А.Д.	д.и.н. (Россия)
Таймагамбетов Ж.К.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Ташагыл А.	проф. (Турция)
Умиткалнев У.У.	к.и.н., доцент (Казахстан)
Хабдулина М.К.	к.и.н., доцент (Казахстан)
Чарлз Уиллер	д.философ.н., проф. (США)
Шаповал Ю.В.	д.философ.н., доцент (Казахстан)
Шаяхметов Н.У.	д.и.н., проф. (Казахстан)
Шемшек Ахмед	д.философ.н., проф. (Турция)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-432)

E-mail: vest\_hist@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка  
Д.С. Байтлесова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. **Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 16994-Ж от 27.03.18.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 25 экземпляров  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-432)

**МАЗМҰНЫ**  
**ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР**  
*Деректану*

*Жумадилдаев М.М., Алтысбес М.А.* Төремұрат жыраудың «Созақ қырғыны» толғауы тарихи дерек ретінде..... 8

**Қазақстан тарихы**

*Әбдрахманов Б.Н., Әйткенов З.Ш., Раздықов С.З., Нұртаев Ж.Н.* Қазақ хандығы және қазіргі Қазақстан Рухани жаңғыру аясында..... 15

*Альжанова Э.Е.* Қазақстанның XX-ғасырдың соңғы он жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы: тұрғындардың өмір сүру деңгейі..... 22

*Әлжаппарова Б.Қ.* Орталық Қазақстанның шаруалары және сталиндік режим (1920 жж. аяғы-1930 жж. басы)..... 27

*Ауанасова Ә.М., Нурпейісов Е.Қ.* Ұлт Көшбасшысының Қазақстанның мемлекеттік билігін өзгерту жөніндегі стратегиялық бастамалары..... 33

*Илиясова К.М., Бағдатова С.А.* Астана: Қазақстан астаналарының эволюциясы..... 39

*Кузбакова Г.Ж.* 1990-2000 жылдар аралығындағы Қазақстан мәдениетінің контекстіндегі сазгер Әділ Бестібаевтың шығармашылығы..... 48

**Этнография және этнология**

*Байбабтөва Н.К.* Батыс Моңғолия қазақтарының символикалық этникалық бірегейлігі..... 57

*Тимофеева Е.П.* Өмір циклінің салттары (аралас отбасы үлгісінде, Қызылорда қаласы)..... 63

*Шнанов У.Р.* Ру таңбаларының шығу тарихы..... 67

**Дінтану**

*Кусбеков Д.К.* Заманауи экстремизм: түрлері мен мәні..... 73

## CONTENTS HISTORICAL SCIENCES

### *Source Studies*

*Zhumadildayev M.M., Alpysbes M.A.* The work of Turemurat zhyrau «Extermination under the town of Suzak» as a historical source..... 8

### *The history of the modern world of Kazakhstan*

*Abdrakhmanov B.N., Aitkenov Z.Sh., Razdykov S.Z., Nurtaev Zh.N.* Kazakh Khanate and modern Kazakhstan within the framework of Modernization of Public Consciousness..... 15

*Alzhanova E.E.* Social-economic development of Kazakhstan in the latest decade of the 20th century: living standards of the population..... 22

*Alzhapparova B. K.* The peasantry of Central Kazakhstan and the stalinist regime (late 1920s-early 1930s.)..... 27

*Auanasova A.M., Nurpeisov E.K.* Strategic initiatives of the Leader of the nation on transformation of state authority in Kazakhstan..... 33

*Ilyasova K.M., Bagdatova S.A.* Astana: evolution of the capitals of Kazakhstan..... 39

*Kuzbakova G.Zh.* Creativity of the composer Adil Bestybayev in the context of the culture of Kazakhstan in 1990-2000..... 48

### *Ethnography and Ethnology*

*Baigabatova N.* Symbolic ethnicity of the Kazakhs of Western Mongolia..... 57

*Timofeyeva Ye.P.* The rites of the life cycle (for example, mixed family, Kyzylorda)..... 63

*Shnanov U.S.* The history of tribal tamgas ..... 67

### *Religion*

*Kusbekov D.K.* Modern extremism: types and meaning..... 73

**СОДЕРЖАНИЕ**  
**Исторические науки**

*Источниковедение*

<i>Жумадилдаев М.М., Алтысбес М.А.</i> Произведение Туремурат жырау «Истребление под городом Сузак» как исторический источник.....	8
--	---

*История Казахстана*


<i>Абдрахманов Б.Н., Айткенов З.Ш., Раздыков С.З., Нуртаев Ж.Н.</i> Казахское ханство и современный Казахстан в рамках Модернизации общественного сознания.....	15
<i>Альжанова Э.Е.</i> Социально-экономическое развитие Казахстана в последние десятилетия XX века: уровень жизни населения.....	22
<i>Альжанпарова Б.К.</i> Крестьянство Центрального Казахстана и сталинский режим (рубеж 1920-х-1930-х гг.).....	27
<i>Ауанасова А.М., Нурпеисов Е.К.</i> Стратегические инициативы Лидера нации по трансформации государственной власти в Казахстане.....	33
<i>Ильясова К.М., Багдатова С.А.</i> Астана: эволюция столиц Казахстана.....	39
<i>Кузбакова Г.Ж.</i> Творчество композитора Адила Бестыбаева в контексте культуры Казахстана 1990-2000 годов.....	48

*Этнография и этнология*

<i>Байгабатова Н.К.</i> Символическая этничность казахов Западной Монголии.....	57
<i>Тимофеева Е.П.</i> Обряды жизненного цикла (на примере смешанной семьи, г. Кызылорда).....	63
<i>Шнанов У.Р.</i> История возникновения родовых тамги.....	67

*Религиоведение*

<i>Кусбеков Д.К.</i> Современный экстремизм: виды и сущность.....	73
---	----



XFTAP 03.20

*М.М.Жумадилдаев, М.А.Алпысбес<sup>2</sup>*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup> mzhumadildaev@mail.ru, <sup>2</sup> alpysbes@mail.ru)

*Төремұрат жыраудың «Созақ қырғыны» толғауы тарихи дерек ретінде*

**Аннотация.** Мақалада, автор Сыр өңіріндегі патша үкіметінің отарлық саясаты мен Қоқан және Хиуа езгісіне қарсы күрескен Жанқожа батырдың рухани көсемі болған Төремұрат жыраудың «Созақ қырғыны» толғауына деректанулық тұрғыдан талдау жасап, оның тарихи маңызын ашып көрсетеді. Тарихи толғауда бұрын-соңды тарихта айтылмаған ақиқат ашылады. Сонымен бірге бұл еңбекте толғаудың бүгінгі күнге дейін жеткен нұсқалары жан-жақты қарастырылып, кейінгі зерттеушілердің көзқарастары мен берген бағаларын ғылыми негізде саралайды. Зерттеуші Төремұрат жыраудың қазақ тарихындағы алатын орны мен ұлт-азаттық көтерілістерге арналған шығармаларын ашып көрсету үшін деректік тұрғыдан әлі де зерттей түсу қажет деп есептейді. Жалпы қазақ халқының жадында сақталған тарихи жырларды зерттеу өз кезегінде ұлттық тарихымыздың толық баяндала түсуіне ықпал етеді.

Түйін сөздер. Шежіре, жыр, «Созақ қырғыны», деректану, Төремұрат жырау және т.б.

*«Жат пікір ойға алмаған.  
Әділетсіздікпен алысып,  
Қажымаған, талмаған»*

**Құрманай Төремұрат жырау**

Мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақ халқы өзінің өткенін дәстүрлі ауызша тарихынан іздей бастады. Бұл ретте бұрын соңды тыйым салынған жырлар мен дастандар, аңыздар қайта жаңғыртылды. Осы орайда қазақ ұлтының тарихи дерек көздеріне – шежіре, фольклор, батырлар жыры, мерзімді баспасөзде жарияланған мәліметтер және тағы басқаларын жатқызуға болады. Міне, осы аталған тарихи деректерде қазақ еліне қатысты оқиғалар мен құбылыстар баяндалады. Сондықтан, оларды төл деректер ретінде зерттеу еңбектерін жазуға және ондағы мәліметтерді ғылыми айналымға тарту аса маңызды мәселе болып табылады.

Елімізде соңғы жылдары қазақ тарихына қатысты түрлі сипаттағы заттай, әсіресе, сан алуан жазба деректердің игерілуі қарқынды дамып келеді. Алайда фольклор, ауыз әдебиеті сияқты ауызша түрде жеткен рухани мұраларымыздың қазақ халқының тарихын түзуде маңызы жоғары. Қазақтар өзін-өзі таныды, өткенін білді, біртұтас халық, ұлт ретінде сезіне алды. Мұнда халықтың бүтін бітім-болмысы, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, мәдениеті, тарихи даму жолы толық көрініс тапты.

Қазақ елі – өте бай тарих айту және оны сақтау дәстүрі мен мәдениеті бар халық. Өткен өмірінде көшпелі өмір салты басымдылық танытқан қоғамда ауызша тарих айту дәстүрі, белгілі дәрежеде, отырықшы өркениетті елдердегі мұрағат пен кітапхана міндетін атқарады, халықтың рухани өмірі ұрпақтан ұрпаққа осы негізде жетіп, ұласып отырды [1, 3 б.].

Ауызша тарихтың үлкен тармағы – батырлық жырлар. Олардың тарихи деректік қабілетіне қатысты мынадай факторларды атап өткен жөн: 1) Тарихи деректердің бұл түрінің сол халықтың пайда болып, өмір сүрген ортасында, «туған топырақта» жаратылғаны, иесі белгілі бір халық. 2) Батырлық жырлардың этникалық тарихты жомарт (өзіне ғана тән тілмен) бейнелейтіндігі. 3) Батырлық жырлардың халықтың тарихи зердесіне (халықтың өткен тарихының көрінісі) айналып,



тіптен тілден, діннен, ата қоныстан айрылған кезеңдерде де ұлттың жадынан жоғалмайтын қасиетінің күштілігі.

Тарихи жырлардың тарихи дерек ретінде қазақ тарихы ғылымында орын алуға толық іргелі негіз бар. Тарихи туындылар – халқымыздың басынан өткізген тарихи-әлеуметтік оқиғалар мен тарихта болған қайраткерлердің батырлық істерінің негізінде туған және олар елдің саяси-әлеуметтік, шаруашылық өмірін, әдет-ғұрпын, рухани құндылықтарын, әсіресе, ерлік салтын бейнелейді [2, 156-160 б.б.].

Ермұхан Бекмаханов фольклорлық деректердің қазақ тарихы үшін деректік маңызы мен ғылыми құндылығын жоғары бағалай отырып, олардың деректік ерекшеліктері мен кемшіліктерін де көрсетіп берді. Ол: «Фольклордың өзіне тән негізгі ерекшелігі – оның сапа және таптық жағынан біркелкі болып келмейтінін, онда тарихи шындық пен поэтикалық қиял және аудармашының жорамалы болатынын, әсіресе, бірнеше ғасыр бұрын айтылып, талай рет ауыздан-ауызға көшкен болса әр түрлі жыраулар мен жыршылар өз жандарынан түйдектетіп қосатын қосымшалардың да мұндай фольклордан орын алатынын бір сәтке де естен шығармау керек» [3, 41-44 б.б.] – дейді.

Тарихшы М.Қойгелдінің: «Қазақ шешен, билерінің, ақын-жырауларының айтқан сөзіне, қалдырған мұрасына тек көркем сөз туындысы ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ойдың үлгісі есебінде де қарау, сол тұрғыдан ғылыми талдау жасау – олардың табиғатынан туындайтын методологиялық қажеттілік» деген [4, 29 б.] ғылыми ой-тұжырымының тарих ғылымы үшін орны ерекше.

Отандық тарих ғылымында тұңғыш рет дәстүрлі ауызша тарихтың өзін дербес ғылыми проблема ретінде көтеріп, оны зерттеудің қазақ тарихтануындағы мәнін көрсеткен Г.Жүгенбаеваның «Дәстүрлі ауызша тарих» монографиясын атауға болады. Еңбекте дәстүрлі қазақ қоғамындағы руханияттың синкреттілігі, оның деректемелік және тарихнамалық қырлары жан-жақты қарастырылады. Г.Жүгенбаева зерттеулерінің нәтижесінде «...ауызша тарих – халықтың біртұтас жады және этникалық тарихтың дереккөзі белгісіндегі бірегей болмысын танытып берді» деген тұжырым жасайды [5, 496 б.]. Автордың басты жаңалығы ретінде қазақтардың дәстүрлі ауызша тарихын ұлттық интеллектуалдық құбылысқа теңеуін айтуға болады.

Тарихи жырлардың ішіндегі біз қарастырғалы отырған «Созақ қырғыны» оқиғасы сол заманның шындығына негізделген. «**Созақ қырғыны**» бұл – мазмұны мен қалпы жағынан тарихи жыр үлгілеріне жатады. Тарихи дастанды Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, барлық оқиғаларды өз көзімен көрген Төремұрат жырау Ешпенбетұлы шығарған. Жырдың пайда болу шынайылығы – Жанқожа Нұрмұхамедұлының Кенесары Қасымұлы бастаған Созақ қамалын алуға азаттық күресінен көрінеді. Дерек көзінің авторы оқиғаға тікелей араласып, оның куәгері болғандықтан шынайылығы дау тудырмайды. Төремұрат Жанқожа батырдың Созақ қамалын алуын үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген. Жырдың мазмұны арқылы азаттық үшін күресті, оқиғаның шиеленісуін, Кенесары мен Жанқожа батырлардың тарихи бейнесін анық көруге болады.

Жалпы билер мен жыраулардың шығармаларында хандар мен батырлардың ерліктері мен ерекше қасиеттері көп сипатталған. Онда әділ де дана билер, аузы дуалы, сөзі өткір жыраулардың тарихи тұлғаларға берген бағалары дәл және халықтың көңілінен шыға білген. Аталмыш тарихи жырлар негізіне өмірде анық болған әлеуметтік және саяси оқиғалар алынады. Ол уақыт өте келе тарихи сипат алады. Жыр – тарихи дерек көзі болып саналады, мысалы Кенесары-Наурызбай жырын бағалаған тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов атап көрсеткендей: «жырда тарихи мәні бар жекелеген оқиғалар шындықпен баяндалады» [3, 45 б.] – деп, көтеріліске байланысты туындаған шығарманы озық екенін көрсетеді. «**Созақ қырғыны**» дастанында да суреттелген жайттар көтеріліс кезінде болған оқиғаларға дөп келеді. Осы уақытқа дейін «Созақ қырғыны» толғауы қазақ халқының атадан балаға беріліп келген халық даналығының бір көрінісі ретінде талданып келді. Тарихи, яғни деректанулық тұрғыда жыр өз бағасын алған емес.

Халқымыздың азаттық үшін алысқан аласапыран кезеңіне сәйкес келген жаугершілік замандағы жорықтарында хандардың, батырлардың жанында үзеңгілес жыршылары болған. Абылай ханның жорығында – Бұхар жырау, Исатай бастаған көтерілісте – Махамбет, Кенесары жорығында – Нысанбай бірге жүргені тарихтан мәлім. Мұндай жауынгерлер рухын көтеретін жыршы халқының қорғаны болған хас батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлының да жанында болған жырау – Төремұрат еді.

Зерттеуші М.Мағауиннің пікірі бойынша «XIX ғасырда жасаған талантты ақындардың тұтас бір тобы ел тілегінің жоқшысы, күрес күндерінің ұраншысы, күрделі, қайшылықты заман шежірешісі болса» [6, 243 б.], күрескер ақын Махамбеттің қатарына Төремұрат жырауды да қосуға әбден болады.

Төремұрат Ешпенбетұлы – өз заманының әрі батыры, әрі ақыны, әрі күйші, әрі әйгілі жорық жырауы. Төремұрат – Жанғазы, Кенесары, Бекмырза хандардың тұсында өмір сүрген. Өз заманында оны ханы қадір тұтса, халқы ардақтаған. Жанқожа батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихы Төремұрат жырау Ешпенбетұлы қалдырған «Созақ қырғыны» жырының негізіне арқау болған. Он сегіз күн бойы алынбай тұрған Созақ қамалына Жанқожа жауынгерлері қақпасын тас-талқан етіп бұзып-жарып кіргенде қалың қолдың алдында рухты жырымен домбыра ұстап, желмаяға мінген жас Төремұраттың жүруі жорық жырауының құндылығын арттыра түседі.

Төремұрат Ешпенбетұлы 1813 жылы қазіргі Қызылорда облысы Қазалы ауданының бұрынғы Абай ауылында дүниеге келген. Көнекөз қариялардың айтуынша, сүйегі Ф. Мұратбаев ауылынан 7-8 шақырым қашықтықтағы «Ағыс» деген жерде екен. Жыраулық дарынымен Жанқожа батырды тәңті еткен Төремұрат отаршыларға қарсы көтеріліске бастан-аяқ қатысып, 1857 жылы жеңіліс тапқанға дейін бірге болған [7].

Жанқожа батыр 1841 жылдың шамасында Кенесары ханмен тізе қосып, атақты Созақ қамалын Қоқандықтардың қолынан азат етуге тікелей атсалысты. Хан әскеріне он сегіз күн бойы алдырмаған бекіністі, Кенесарының соңғы үміті – Жанқожа бастаған Шекті батырлары атойлаған шабуылдарымен шеп бұзып алған дейді көнеден жеткен куәгерлердің айтуы. Бұдан кейін батыр мен ханның жолы екіге айрылды. «Кенесары – Қырғызға, Жанқожа – Ырғызға» дегендей, екеуінің де көздеген мақсаты бар-ды [8].

Жыр тарихи дереккөзі, яғни ауызша тарихи дерек ретінде талдаудан өткізілмеді. Сондықтан да оның мазмұнын ашып, автор жеткізген мәліметтерінің шынайылық дәрежесін анықтау мақсатында мақала дайындалып отыр. Дастанның пайда болу шынайылығы – 1841 жылы қазақ тарихынан орын алған Кенесары Қасымұлымен бірге Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған шекті руының сарбаздары тізе қосып Созақ қамалын алуы. Дастанның пайда болған жері ауыспалы, олай дейтініміз автор Жанқожа батырмен бірге, Ырғыз, Қарақұм, Хиуа, Созаққа дейінгі жерлерде жүріп, көзімен көріп, құлағымен естігендерін көркем сөзбен жеткізіп отырған. Дерек көзінің пайда болған уақыты да азаттық қозғалыстың басталған уақытымен дөп келеді. Дерек авторы – ақын, жыршы, жырау Төремұрат Ешпенбетұлы. Төремұрат жалынды жырларымен бір жағы сарбаздар рухын көтерсе, ұрыс кезінде қолына қару ұстап шайқасқа қатысқан жауынгер – жорық жыршысы. Оның ең қомақты, ең құнды жыры – «Созақ қырғыны» толғауы. Өзі араласып, көзімен көргенін жырлап отырған. Ол жан-жақтан анталаған ата жаулары Хиуа, Қоқан басқыншылары, патша отаршыларына қарсы күресте ең бастысы бірлік екенін жырлап, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді [7].

Төремұрат жырау туралы жазушылар М.Қаназ [9], Ә.Оспанов [10], З.Шүкіров [11] шығармаларында біршама мағлұматтар кездеседі. М.Қаназдың «Ел қорғаны ер Жәкем» кітабында шежіреші қарт Т.Күлімбетовтің айтқан деректерінде кездестірсек, ақын-жырауларымыз Ұ.Кенжеев, Р.Жанай, Б.Ердәулетұлының жыр дастандарында кеңінен жырланған. Төремұрат жырау шығармашылығының ең қомақтысы да құндысы «Созақ қырғыны» жыры. Кезінде бұл жырға жоғарыда аттары аталған қаламгерлерге қоса У.Шәлекенов, М.Төрешұлов, Т.Дайрабай өз пікірлерін білдірген. Бұл жырдың құндылығына байланысты эпикалық фольклорист Берік Жүсіпов өз пікірін білдіре келе «Қазақ поэзиясында ар-ождан туралы мұндай дәрежеде айтылған жыр жолдары өте сирек» дейді.

М.Қаназдың «Ел қорғаны ер Жәкем» кітабында мынадай деректер бар: Созақ қамалына бекінген Қоқан басқыншыларына қарсы шабуыл басталар алдында Жанқожа мен Кенесары ақылдасып, алдымен жауға Төремұрат жырауды жіберген. Сонда желмая мінген, қолына домбыра ұстаған, жадыағашқа желбіретіп ту қадаған Төремұрат жырау Созақ қамалына бет алған. Ол қазақша, өзбекше ән мен күйге басып екі жақты қан төкпей, бітімге келуге шақырған. Егер бітімге келмейтін болсаңдар «Үш алаштай елім бар, Жанқожадай ерім бар» деп бұрынғы өткен батыр бабаларының «Әруағын» шақырған [9].

XIX ғасыр басында Сырдария бойы мен Арал маңын мекендеген қазақтардан Қарақалпақтар Хиуа хандығына бағынып, Әмударияға ойысты. Әлім, Шөмен тайпаларынан тараған рулар Ырғыз бен Қарақұмды жайлап Сыр бойына қыстады.

XIX ғасыр аралығында Хиуа хандығының солтүстік шекарасы Сырдарияның төменгі ағысына дейін деп есептелсе, Қоқандықтар Ақмешітке дейінгі жерлердің иесіміз деп бұл жерлерді мекендеген қазақтарды билеп төстеді. Қиын жағдайға тап болған Сыр бойының қазақтары Арқадан оңтүстікке жылжып келе жатқан патша үкіметінің әскери күштерінен жәрдем алуға мәжбүр болып, Хиуалықтар мен Қоқандықтардың езгісінен құтыламыз деген үмітте болды.

Зейнулла Шүкіровтың «Жанқожа батыр» атты тарихи романында:

Жайлауы Кіші Жүздің Еділ-Жайық,  
Сен келдің ортамызға шебің тайып,  
Алдымда Жанқожа ағам тірі тұрса,  
Төреге жалынбасын қолым жайып,  
Ақ Жәкем қалың қолды жинағанды,  
Тентекті теріс қаратып қинағанды,  
Ұмытсаң Жанқожаны құдадай ұмыт,

Созақтың бар олжасын сыйлағанды, деп Төремұрат жырлаған екен [12].

Ұлы Жүз қазақтары Қоқан хандығының ықпалында тұрған кезінде Созақ бекінісіне орныққан аш-көз бектер жергілікті халықты аямай, алым-салықты күшейтті. Осы себепті үш жүз бас қосып, Кенесары ханмен бірігіп, Созақ қамалын алмақшы болды. Жанқожаның өз жырауы Төремұрат Созақты алғалы тұрған сарбаздардың алдарына шығып:

Екі жүзді семсердің  
Балдағы қолда қалғанша,  
Ат басындай сом жүрек  
От болып қаулап жанғанша,  
Мөлдіреген екі көз,  
Жұмылып қанға толғанша  
Тыным алып ас ішпей,  
Ат бауырынан қан кешпей,  
Ел бетін көрмес күн бүгін  
Созақты алсақ осыдан,  
Қоқанның туын құлатып,  
Сүйікті туған ерлерге,  
Табылмас мұндай һазақтық,  
Қазақ үшін қан төккен,  
Өздеріңдей ерлерге ... [12] деп жырлайды.

Созақты алғаннан кейін Жанқожа Сауран қамалын алады. Онан әрі Түркістанға бағыт түзеп, шыққан соң ол Кенесарымен қоштасады. Қоштасарда қарамағындағы шекті руының қазақтарын Хиуадан қорғайтынын ескертеді.

Төремұрат жырау қазақ халқының Хиуа, Қоқан, патшалы Ресей басқыншыларының тұсында, ел болашағы қыл үстінде тұрған зар заманда өмір сүріп, сол алмағайып кезеңдегі күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Ел басына күн туғанда сазбаздарды жауға қарсы күреске біріктіруге бір тудың астына жиналуға күш салған. Жанқожа батыр мен сарбаздарын жырға қосып, олардың өшпес ерліктерін жырлаған. Әсіресе, Жанқожа батырдың көзсіз ерлігін, адалдығын, ауыр кезеңде елге қорған бола білгенін асқақтата үлгі еткен. Доғалақпен айтысында Төремұрат Кенесары ханды Жанқожа ағасының деңгейіне көтермек түгілі, шендестіргісі келмей:

Үш жүзден Жанқожа ағам аруағы асқан,  
Жәкеңе аруағы асқан кім таласқан.

Бұза алмай Кенесары үш күн қамап,

Ақыры бас сауғалап тұра қашқан... – деп ағасын ардақтай мадақтап, бір сәтте қайта ширығып Кене ханның қамалды үш күнде ала алмағанын аямай бетіне басады [7].

Ұлы Дала елі өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген тұста Төремұрат жырау шығармалары да халқымен қайта қауышты. Құрманай Төремұрат ақынның жырлары 2008 жылы филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Көбегенұлының «Жанқожа батыр туралы жырлар» [13] атты кітабына енгізілді. Дастанның түпнұсқалығы дау тудырмайды. Оның XIX – ғасырдың орта кезінде пайда болып, халық арасына жылдам тарағаны мәлім. Осылайша асылын ардақтай білетін халықтың

рухани мұраны шашау шығармай келесі ұрпағына аман-есен жеткізіп отырған. Содан соң ұлт оқымыстыларының арқасында қағаз бетінде жарық көрді. Жырдың мазмұны – патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен Хиуа, Қоқан хандықтарының озбырлығына қарсы Жанқожа батыр бастаған азаттық қозғалыс. Басты ұлттық идея – азаттық. Жырда ең алдымен Жанқожа мен Кенесарының шыққан тегі және ата қонысы туралы айтылады. Бұл жөнінде мынадай мәлімет береді. Жанқожа батыр Кенесары ханмен кездесуге келгенде Төремұрат балаң жігіт болса да ханнан қаймықпастан:

Арғы атаң сенің Абылай,

Ұлы соқпақ секілді.

Жер жарыпты дабылы-ай

немесе:

Сенің әкең Қасым хан,

Қасым ханның тұсында

Жау бар ма еді басынған [7] – деп Кене ханның алдында аспай-саспай қазақ бірлігін ойлаған оның бабаларын рет-ретімен дәріптейді. Төремұрат астамсыған хан жырауы Доғалақтың кеудесін басты, өз беделін арттырды, хандарды жырға арқау ете отырып қазақ мемлекеттілігінің құндылығын жырға қосты. Кенесары хан Төремұратқа риза болып тоғыз ірі қара сыйға береді. Шекті руындағы Жанқожа батырдың жауы Төремұраттың сөз өнерінің асыл қазынасы – жыраулық жарысында Кенесарының Доғалақ атты жырауын сөзден жеңіп тоқтатқаны тұтас Үш жүзге тарайды. Жыраудың толғаулары шын мәнінде Жанқожа батыр үшін қарудан, алмас қылыштан кем болмаған, сондықтан батыр оны қасынан бір елі қалдырмаған. Дастанда бұрын-соңды тарихта айтылмаған ақиқат ашылады.

Далалық тарихи фольклорда қазақ халқының өткен жалпы тарихы халық санасында қалыптасқан, халық санасынан шыққан күйінде болды. Тарихи фольклор жүйесіндегі әлеуметтік-тарихи білім халықтың өзіндік төл түсініктері мен төл құндылықтары тұрғысынан қалыптасқан құбылыс [14, 351 б.].

Қорытындылай айтсақ, жоғарыда аталған қазақ халқының ұлттық төл деректері бұрынғы өткен замандардан мәліметтер беретін құнды материалдар екендігіне күмән жоқ. Сол себепті, еліміздің тарихын жазуға зерттеушілер кеңінен қолдануы қажет. Тек, сонда ғана ұлттық тарихымыз шынайы жазылып, толық баяндала түседі. Сондықтан біз қарастырып отырған Төремұрат жыраудың ұлт-азаттық көтерілістерге арналған шығармаларын деректік тұрғыдан әлі де зерделеуді қажет етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Құсайынова М.А. Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өмірі ұлттық тарих айту дәстүрінде (XIX ғасырдың алғашқы жартысы): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. - Алматы, 2010. – 3-4 б.б.
2. Құсайынова М.А. Ауызша тарих айту дәстүрінің дамуы хақында // «XXI ғасырдағы орта білім жүйесі: жайы мен даму көкжиектері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2002. – 114-119 б.б.
3. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Қазақ университеті, 1994. – 416 б.
4. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. -Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
5. Жүгенбаева Г. Дәстүрлі ауызша тарих. – Алматы, 2005. – 496 б.
6. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. 432 б.
7. Қияс Ә. Төремұрат жырау. Тамыры терең, тарихы кенен Қазалы аудандық қоғамдық саяси газеті. 14 ақпан, 2017.
